

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 2 мамырдағы N 353 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.15 N 339 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.15 N 339 Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер қызметкерлері штат санының лимиттерінде:

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі" деген 10-бөлімнің 3-бағанында "оның ішінде мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер" деген жолдағы "13 926" деген сандар "12 226" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*